

**Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің
геология және жер қойнауын қорғау комитеті туралы ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 желтоқсан N 1785.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.13. N 1158 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.08.13. N 1158
қаулысымен. P991158_

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655_ Жарлығына және "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын жүзеге асыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 P971551_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті туралы ереже;

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің (заңды тұлға құқығындағы) құрылымы;

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар

министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің қарауындағы мекемелер мен ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің Геология, жер қойнауын қорғау және пайдалану комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 17 шілдедегі N 1124 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 33, 299-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Үкіметінің
1997 жылғы 18 желтоқсандағы
N 1785 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар
министрлігінің Геология және жер қойнауын
қорғау комитеті туралы

ЕРЕЖЕ

Миссиясы

Қазақстан Республикасының теңгерімді
минералдық-шикізат базасын құру

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті (бұдан әрі - Комитет) жер қойнауын геологиялық зерделеу, қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару органы болып табылады. Комитет арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіру мен мемлекеттік басқарудың ішкі саласына басшылықты дербес жүзеге асырады.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитетті ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігін ұстауға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

4. Комитет заңды тұлға болып табылады, банктерде шоттары, фирмалық бланкі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

II. Тапсырмалары

5. Комитеттің өз қызметінің саласындағы негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасының жер қойнауын мемлекеттік геологиялық

зерделеу, қорғау және пайдалану жөніндегі қатынастарды мемлекеттік реттеу;

жер қойнауын қорғауды тұрақты жақсартуды және оны теңгерімді пайдалануды қамтамасыз ету;

мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық ресурстарды ұтымды және кешенді пайдалану және жер қойнауын қорғау бағдарламаларының негізгі бағыттарының ұсыныстарын әзірлеу;

Комитет құзыретінің шегінде жер қойнауының жай-күйі мен мониторингіне және жер қойнауын пайдалануға бақылау жасауды қамтамасыз ету;

салааралық үйлестіру мен мемлекеттік басқарудың ішкі саласына басшылықты жүзеге асыру.

III. Функциялары

6. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

жер қойнауын ұтымды пайдалану және қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүргізеді және мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

мемлекеттік және аумақтық геологиялық бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастырады және оның орындалу барысын бақылайды;

жер қойнауын пайдаланудың экономикалық тетігін жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізеді;

ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды қоса алғанда, мемлекеттің мұқтажы үшін геологиялық зерделеулер жүргізуге мемлекеттік тапсырысшының функцияларын және оларды жүзеге асыру кезінде бақылау функцияларын жүзеге асырады;

жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуді, жер қойнауының мониторингін, жер қойнауын қорғауды жүзеге асыру және Үкімет белгілейтін басқа да мақсаттар үшін қажетті мемлекеттік бюджеттік қаражаттың көлемін негіздейді;

жер қойнауының, жер қойнауын пайдаланудың мониторингін жүзеге асырады ;

жер қойнауы туралы республикалық және аумақтық геологиялық ақпарат қорларының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы сандық ақпараттың бірыңғай жүйесін құрады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

белгіленген тәртіппен геологиялық, геофизикалық, геохимиялық, гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, геоэкологиялық мазмұндағы мемлекеттік карталарды жасау, шығару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

белгіленген тәртіппен пайдалы қазбалардың қорларына, пайдалануға берілетін жер қойнауы учаскелері туралы геологиялық және экономикалық ақпаратқа, жер қойнауын геологиялық зерделеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалық сметалық құжаттамаларға мемлекеттік сараптаманы жүзеге асырады;

пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансын, кен орындары мен пайдалы қазбалар көріністерінің, зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және қалдық суларды жер қойнауына ағызудың мемлекеттік кадастрын жасауды және жүргізуді ұйымдастырады, қорларды мемлекеттік балансқа қоюдың, сондай-ақ оларды есептен шығарудың тәртібін белгілейді;

заңдарға сәйкес жер қойнаулары туралы геологиялық ақпаратты алудың және пайдаланудың тәртібін айқындайды және ұйымдастырады;

пайдалы қазбаларды алғашқы ашушылыққа байланысты мәселелерді қарайды ;

өз қызметінің саласында заңдарды қолданудың практикасын талдайды және қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныс әзірлейді, заң және өзге де нормативтік актілердің жобаларын дайындауға қатысады, оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізеді;

өз өкілеттіктерінің шеңберінде ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға атқарылуы міндетті тапсырмалар береді;

өз құзыретінің шегінде халықаралық ұйымдарда республиканың мүддесін білдіреді, халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын дайындауға қатысады;

комитетке заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

IV. Құқықтары

7. Комитеттің:

өз құзыретінің шегінде барлық органдардың, ұйымдардың, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың орындауы міндетті шешімдер қабылдауға;

белгіленген тәртіппен жер қойнауын геологиялық зерделеу, пайдалану және қорғау ережелерінің бұзылуын жою жөнінде шаралар қабылдауға;

заңдарда белгіленген тәртіппен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуді тоқтатуға, тоқтата тұруға немесе шектеуге;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тәртіп бұзушыларды жауаптылыққа тарту және айыппұлдар салу арқылы атқарушы органдар мен жер қойнауын пайдаланушылардың заңдар мен оларды қорғау және ұтымды пайдалану бөлігінде жерді пайдаланудың белгіленген тәртібінің талаптарын сақтауына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға;

белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдардан, сондай-ақ меншік нысандарына қарамастан ұйымдардан, лауазымды тұлғалардан және азаматтардан жер қойнауын пайдалану қатысты құжаттар, қорытындылар, анықтамалар және барлық қажетті материалдар мен ақпараттарды сұратуға және алуға;

өзіне белгіленген тәртіппен берілген өкілеттіктерге сәйкес мемлекеттік меншігіндегі мүлікке иелік етуді, пайдалануды жүзеге асыруға;

өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасы мен басқа да елдердің ұйымдарымен келіссөздер жүргізуге және келісімдер жасасуға;

ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыруға;

мемлекеттік кәсіпорындар құру, оларды қайта ұйымдастыру және

тарату жөнінде ұсыныс енгізуге, оларға қатысты мемлекеттік құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыруға;

заңдарда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.

V. Міндеттері

8. Қазақстан Республикасының жер қойнауын қорғау саласындағы заңдарын бұзушыларға тиісті ықпал ету шараларын қолдану.

9. Жер қойнауын қорғау бөлігінде Қазақстан Республикасының

табиғат қорғау заңдарының сақталуын қамтамасыз ету.

10. Елдің минералдық-шикізат базасының жай-күйі объективті бағалауды қамтамасыз ету және Министрліктің басшылығын осы мәселелер жөнінде хабардар ету.

11. Елдің аумағын жоспарлы түрде геологиялық зерделеуді қамтамасыз ету.

12. Жер қойнауын ұтымды пайдалану саясатын әзірлеу.

VI. Жауапкершілігі

13. Жер қойнауын қорғаудың жай-күйі туралы ақпараттың ақиқаттығы үшін.

14. Елдің аумағын мемлекеттік геологиялық зерделеудің толықтығы мен жер қойнауларындағы пайдалы қазбалардың бекітілген қорларының анықтығы үшін.

15. Мемлекеттік геологиялық зерделеуге бөлінген қаражаттардың ұтымды пайдаланылуы үшін.

16. Пайдалы қазбалар қорларының объективті сараптамасы үшін.

VII. Қызметінің ұйымдастырылуы

17. Комитетті Экология және табиғи ресурстар министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

18. Комитет ведомстволық бағыныстағы аумақтық органдарға, мекемелер мен ұйымдарға басшылықты жүзеге асырады.

19. Комитеттің штат кестесін, сондай-ақ лауазымдарды иелену тәртібін Министр бекітеді.

20. Комитеттің төрағасы Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыру үшін жеке жауаптылықта болады.

21. Төраға өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Комитеттің қызметін ұйымдастырады:

Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен жауаптылық дәрежелерін белгілейді;

барлық мемлекеттік органдарда Комитеттің мүддесін білдіреді,

шарттар жасасады, банктерде есеп айырысу және басқа да шоттар ашады;

Комитеттің құрылымдық бөлімшелері мен оның аумақтық органдары туралы ережелерді бекітеді;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;

бекітілген сметаның шегінде үстемақылардың, қосымша ақылардың, сыйақылардың және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдердің мөлшерлерін дербес белгілейді;

Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

22. Комитетті қайта ұйымдастыру мен тарату Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 18 желтоқсандағы
N 1785 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи
ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын
қорғау комитетінің (заңды тұлға құқығындағы)

ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Минералдық-шикізат базасын талдау, болжау, биологиялық зерделеу
және дамыту басқармасы

Жер қойнауын қорғау басқармасы

Ұйымдастыру-құқықтық сектор

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 18 желтоқсандағы
N 1785 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи
ресурстар министрлігі Геология және жер
қойнауын қорғау комитетінің қарауындағы
мекемелер мен ұйымдардың

ТІЗБЕСІ

Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия (ҚМК)
"Қазмемжерқойнауы" минералдық ресурстарының бас басқармасы
Жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі аумақтық басқарма
Жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі облыстық
инспекциялар
Мамандандырылған гравиметрикалық кәсіпорын